ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 шілде №2301-24-00-2/1769 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
“Атырау облысы Дене шынықтыру спорт және туризм басқармасы” мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
“ASE&ADAL88” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі З.Ғ.Ғабдол

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 12 наурызда мемлекеттік сатып алу туралы №2 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға “әкімшілік/ өндірістік жайларды жалдау бойынша қызметтер” жасауға міндеттенген.

Шарттың сомасы – 14 900 000 теңге, орындау мерзімі – келісім шартқа отырғаннан кейін 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, ғимаратты жалға беру бойынша қызмет көрсетілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 12 наурызда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №1 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «әкімшілік/ өндірістік жайларды жалду бойынша қызметтер» жасауға міндеттенген. Орындау мерзімі – 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

2024 жылғы 19 сәуірде “ASE&ADAL88” ЖШС-не мемлекеттік сатып-алу шарты негізінде ғимараттың талаптарға сәйкес болуы туралы хат жолданып, талап қоюшымен талаптардың орындалуына 7 жұмыс күн мерзім берілген.

2024 жылғы 14 мамырда “ASE&ADAL88” ЖШС-мен ұсынылған Атырау қаласы, Исатай Тайманов көшесі, 88 үйде орналасқан ғимаратын қарап, тексеріс жүргізіп, сәйкессіздіктер анықтап, Акт жасақтаған.

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 25.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 26.08.2024, судья Саудабаев А. Б., 28.08.2024
2301-24-3-1/1871

Техникалық сипаттамаға сәйкес, әкімшілік кеңсе ғимаратының көлемі 230,6 ш.м. ден кем болмауы тиіс, әдемі әрлеуі бар және пайдалануға дайын үй-жайы, оның ішінде бөлек бөлмелер-офистер болу керек.

Ал, жауапкермен ұсынылған техникалық паспортына сәйкес көрсетілген ғимараттың аумағы 281,7 ш.м. қ құрайтыны, 2 қатардағы бөлмелердің аумағы 226 ш.м. құрап отырғаны, яғни талапқа сай келмейтіні анықталған. Сонымен қатар, бөлмелер офис үшін жасақталмағаны, арнайы орын жайлар үшін дайындалғаны анықталған. Өрт және үзет дабылдарының болуы қарастырылған, ал ұсынылған ғимаратта өрт дабылы болғанымен, арнайы күзет дабылы болмаған. Көліктер үшін арнайы кемінде 5 автотұрақ орны болу керек, ал ұсынылған ғимаратта автотұрақ қарастырылмаған. Әйелдер мен ерлер жуынатын бөлмелер болуы қарастырылған, алайда ғимаратта бөлек әйелдер мен ерлерге арналған жуынатын бөлмелер, әжетхана жоқ, ортақ бір бөлме қарастырылған.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, ғимарат жалға берілмегенін көрсетті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

“Атырау облысы Дене шынықтыру спорт және туризм басқармасы” мемлекеттік мекемесінің жауапкер “ASE&ADAL88” жауапкершілігі шектеулі серіктестікті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

“ASE&ADAL88” жауапкершілігі шектеулі серіктестік мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

“ASE&ADAL88” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 25.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.08.2024, судья Саудабаев А. Б., 28.08.2024

шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 25.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.08.2024, судья Саудабаев А. Б., 28.08.2024

2301-24-3-1/1871